3.	5-11 сыныптар аралығында шет тілі пәнінен алынған тест жұмыстарына талдау (директорлық бақылау);		С.К.Укибаева Сарапшылар

4.	Мектеп психологтарының жұмысы		А.К.Доскелдиева И.Б.Есмурзаева
	№4 отырысы «Пән мұғалімдердің кәсіби деңгейі»		
1.	Әдістемелік кеңестің жұмысының жылдық қорытындысы: ▪ Жас мұғалімдерінің емтихан қорытындысы; ▪ Дарынды, үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыстың есебі; ▪ Озық педагогикалық тәжірибе; ▪ Шығармашылық топ жұмысының есебі; Пән бірлестіктерінің жылдық есебі	мамыр	С.К.Момбекова Ж.И.Мадиярова А.К.Бимурзаева Т.С.Исабекова С.К.Укибаева
2.	I, II жарты жылдық білім сапасының сараптамасы		Ж.И.Мадиярова
3.	Жаңа оқу жылына ғылыми - әдістемелік жұмыстың жоспарлануы		А.К.Бимурзаева
4.	Барлық есептердің қорытындысы		ӘБ жетекшілері

Орындаған: А.К.Бимурзаева

Мектепшілік бақылау объектісі

- Оқушылардың білімдерін жалғастыра отырып өздігінен жетілу, еңбекке даярлық.
- Мұғалімдер жұмысының тиімділігі
- Оқушылармен жеке жұмыс

- Сабақтан тыс пән қызметінің сапасы.
- Оқушыларды тәрбиелеу деңгейі
- Оқу бағдарламасының орындалуы
- Сынып жетекшілерінің жұмыс сапасы.
- Ата-аналардың тәрбие процесіне қатысуы.
- Оқушылардың денсаулығының және дене тәрбиесінің дайындық деңгейі.
- Тәртібі қиын балалармен жасалатын жұмыстардағы сақтандыру ісінің сапасы.
- Оқушылардың білім деңгейі
- Мұғалімдердің әрқайсысының әдістемелік деңгейі.
- Сынып жетекшілерінің әдістемелік деңгейі.
- Педагог мамандардың сапасын көтеру
- Педагогтардың ғылыми білімдерлік деңгейі
- Мұғалімдер мен оқушылардың психологиялық көмекпен толық жабдықталу дәрежесі.
- ТҚ және еңбекті қорғау
- Мектептің санитарлық-гигиеналық жағдайы
- Әдістемелік әдебиеттер және оқулықтармен қамтамасыз ету.
- Техникалық құралдармен қамтамасыз ету.
- Ұжымның қабылдаған шешімдері мен акт ережелерінің орындалуы.

№	Іс-шаралар	Орындау мерзімі	Жауапты
1.	11 сынып бітіретін оқушылардың ата-аналарынан ҰБТ-ке сәйкес өтініштерін алу.	Қыркүйек	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.
2.	ҰБТ бойынша тест алу кестесін құру, бекітілуі - 11 сыныптардың құжаттарын дайындау, - ҰБТ-ке байланысты бұйрық шығару, - ҰБТ журналдарының дұрыс жүргізілуі деңгейін бақылау.	Қыркүйек Үнемі	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.
3.	ҰБД-ға дайындау штабын құру	қыркүйек	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.
4.	11 сынып бітіретін оқушылар туралы мәліметті ҰТО-на уақытында тапсыру.	Желтоқсан	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.
5.	Пән мұғалімдері ҰБТ дайындауға жоспар құрып, талқылап бекіту	Қазан Мамыр	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.

6.	ҰБТ-ға қатысатын оқушылардың байқау тестінің қорытынды мониторингі туралы сараптама	Қазан Мамыр	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.
7.	ҰБТ-ке ата-аналармен байланыс жасау, түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ережемен таныстыру, хабардар ету.	Қазан Мамыр	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.
8.	ҰБТ-ке байланысты «ҰБТ-ке дайындау өзекті мәселе» атты тақырыпта пән мұғалімдерімен тренингтер және интерактивті тактада сабақтар ұйымдастыру	Қараша Қаңтар	Пән мұғалімдері
9.	«Мен қай мамандықты таңдаймын» атты дөңгелек үстел	Ақпан	11 сынып жетекшілері
10.	Дарынды, үлгерімі төмен оқушылар пән мұғалімдері жеке жұмыстарының жүргізілуі	Кесте бойынша	№2-4 басқару құрлымы
11.	Сынып бөлмелерінде және I қабатта ҰБТ-ге дайындау бұрыштарын ұйымдастыру.	Қазан Мамыр	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.
12.	«Алтын белгі» белгісіне және «Үздік аттестат» үміткерлерінің екі апта сайын сынақ тест сараптамасын жасау.	Қараша айынан екі аптада 1 рет	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.
13.	Оқушыларды ҰБТ-ке дайындық курста-ры, қосымша сабақтар ұйымдастыру, тестке дайындық кестелерін бекітілуі	Кесте бойынша	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.
14.	Барлық пәндер бойынша оқушылардың білім сапасын қатаң бақылауға алу.	Апта сайын	Пән мұғалімдері
15.	Оқушылармен ҰБТ-ке байланысты психодиагностикалық тренинг жұмыстарын ұйымдастыру.	Үнемі	Педагог-психолог Доскелдиева А.К.
16.	Сабақтан себепсіз қалатын оқушылар жұмыстарын бақылауға алу.	Үнемі	№2-5 басқару құрылымы
17.	«Мен қай мамандықты таңдаймын» атты дөңгелек үстел өткізу.	Желтоқсан	11 сынып жетекшілері
18.	Алынған тест қорытындысын күн тәртібі бойынша әдістемелік, педагогикалық ж/е директор жанындағы кеңесте қарау.	Өз мерзімінде	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.

9 сыныптармен жүргізілетін оқушылардың жетістіктерін сырттай бақылау (ОЖСБ) дайындық және оны өткізудің іс-шаралар жоспары

№	Іс – шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	9-шы сынып оқушыларының құжаттарын дайындау, бұйрық шығару, ОЖСБ тапсыратын оқушылардың тізімін алу, бекіту.	қыркүйек	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.
2	9 – шы сыныптың ОЖСБ жұмысына байланысты жоспарын құру	қыркүйек	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.
3	ОЖСБ – ға дайындық ,байқау тест қорытындысын директор жанындағы кеңесте қарау	Қазан Наурыз	Мектеп әкімшілігі
4	ОЖСБ – ға дайындық кестесін құру, бекіттіру	қыркүйек	Мектеп директоры
5	Тест орталығымен байланыс жасап, оқушылардың тестке дайындығын арттыру	өз мерзімінде	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.
6	ОЖСБ туралы ата – аналармен жұмыстарды жүргізу	II, III тоқсан	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.
7	ОЖСБ – қа байланысты үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты ұйымдастыру	Қыркүйек- Мамыр	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.
8	ОЖСБ -ға әзірлік бойынша пән мұғалімдері семинар өткізу	Қараша- Қаңтар	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.
9	ОЖСБ әзірлік бойынша курстар мен үйірмелерді ұйымдастыру	Қазан- наурыз	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.
10	ОЖСБ ережелерімен оқушыларды және олардың ата – аналарын таныстыру	Қараша қаңтар	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.
11	ОЖСБ – ға байланысты пәндік семинар (орыс тілі, ағылшын тілі, математика) интерактивті тақтада сабақ ұйымдастыру	қараша	ӘБ жетекшілері Легкодымова Е.В Барикова Ж. Алибекова С
12	ОЖСБ -ға қатысатын 9-шы сыныптары оқушылары туралы мәліметтер базасын ҚББ-не тапсыру.	желтоқсан	Оқу ісінің меңгерушісі

			Мадиярова Ж.И.
13	ОЖСБ дайындық бойынша байқау тесттің қорытындысын сараптау және ҚББ өткізу.	Қараша Наурыз	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.
14	Апта сайын алынған тест нәтижесін арнайы қабырғаларға ілу арқылы оқушыларға хабардар ету.	Қазан Наурыз	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.
15	ОЖСБ тапсыратын сыныптарда ОЖСБ -ң ережелері бойынша ОЖСБ бұрышын шығаруды қадағалау.	желтоқсан	Оқу ісінің меңгерушісі Мадиярова Ж.И.

VI бөлім

*Тәрбие жұмысының жүйесін
құруға бағытталған педагогикалық
ұжымның қызметі*

ТӘЖІРИБЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тәрбие жұмысының мақсаты:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;
- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;
- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалыққұзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.
10. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмді, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалыққұзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;
- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;

- Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.
- Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169VI Заңы;
7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.
12. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (*сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр)* құрайды.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-танымдық тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру

Бірінші бағыт –

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

1. Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):
2. Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға;
3. ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, гимн, ту), құқықтық тәртіпке;
4. Елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына;
5. Өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне;
6. Басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына;
7. Өз өлкесінің табиғатына, мәдени-тарихи өміріне;
8. Құқықтық білімге, заңдылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүріс-тұрысына; Заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне; Әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту.

Екінші бағыт –

Рухани-танымдық тәрбие

Мақсаты: Адамгершілік бейне, адамгершілік сана-сезім; құндылықты сезімдер мен ізгілік қасиеттер, ар-ұят, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, жолдастық, мейірімділік, ұят, табандылық, қайырымдылық, ынтымақтастық, ұлттық келісім құндылығы, өзге халықтардың мәдениеттің, салт-дәстүрін және тілін құрметтеу және дәріптеу құндылығы; өмірге деген этикалық жауапкершілік көзқарас қалыптастырады.

1. Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):
2. Мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына;

3. Өзінің қасиетіне, арына және парызына;
4. Ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына;
5. Өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет-ғұрпына;
6. Діни құндылықтарға; ой, сөз және іс бірлігіне; өзінің мінез-құлқын жетілдіруге;
7. Ар-ұжданымен орындалған қылықтарға;
8. Түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне; адамдарға риясыз қызмет етуіне;
9. Өз ата-анасына, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру.

Үшінші бағыт –

Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Құндылықтар жүйесін қалыптастыру қазақ тілін білу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары мен мемлекеттік рәміздері туралы жарыстар мен олимпиадалар өткізу; әрбір мектепте музейлер ашу; атакты спортшылар, ғалымдар, көрнекті тұлғалар, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жоба жеңімпаздарымен кездесулер; сонымен қатар, өлкенің тарихи-мәдени мұраларына жататын объектілерінде мектеп оқушыларына өлкетану бойынша тақырыптық сабақтар өткізу арқылы жүзеге асырылады.

1. Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):
2. Этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке;
3. Мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне;
4. Өз халқының мәдени мұрасына;
5. Қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпына;
6. Қазақстанның этномәдениетіне;
7. Этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту.

Төртінші бағыт –

Отбасылық тәрбие

Мақсаты: Құндылықтарды қалыптастыру болып табылады: неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана қасиеті; махаббат, адалдық, достық – сезімдері құндылығы.

1. Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):
2. Этноәлеуметтік рөлдерге;
3. Өз отбасына және ұрпақты жалғастыруға;
4. Адамгершілік қағидаларын қолдау арқылы отбасы және неке құндылықтарына құрметпен, ұқыпты қарау.

Бесінші бағыт –

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: оқушылардың бойында: еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім; экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және

кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыруға көмектеседі.

1. Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы);
2. Экологиялық даму саласында мемлекеттік саясатқа, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына;
3. Экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне;
4. «Адам-қоғам-табиғат» жүйесіне;
5. Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке;
6. Кәсіби білім мен өнімді еңбекке;
7. Нарықтық экономика заңдарына құнтты және позитивті көзқарас қалыптастыру;
8. Экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға;
9. Еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге;
10. Мамандық таңдауына; үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту.

Алтыншы бағыт –

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Эстетикалық сана-сезім; эстетикалық талғам мен сезім; қазақ халқының, Қазақстандағы басқа да этностар мен этникалық топтардың ұлттық мәдениет құндылықтарын көркемдік-эстетикалық қабылдау.

1. Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы);
2. Толеранттылық және ғаламдық пікір;
3. Көпмәдениеттілік және көптілділікті;
4. Мәдениетаралық әрекет;
5. Мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу;
6. Қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларын;
7. Қарым-қатынас мәдениетін; эстетикалық мұраттарға, көркемөнер құндылықтарына;
8. Шығармашылық ой мен қиялға, шығармашылық қызметті қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс таныту.

Жетінші бағыт –

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: Білімнің құндылығын; зияткерлік позицияның құндылығын; әр тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығы құндылығын; ал ақпараттық мәдениеті – кибермәдениетті және кибергигиенаны қалыптастырады.

1. Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы);
2. Өмір бойы білім алуына; өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне;
3. Сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне;
4. Зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне;

5. Пікірталас жүргізу дағдыларына;
6. Жасампаз қызметке; топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға; ақпараттың түрлі дереккөздеріне;
7. Қажетті ақпарат алу арналары мен іздестіру жолдарына; өз қызметінің түрлі салаларынан алынған ақпаратқа;
8. Интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне;
9. Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіру;
10. Ақпарат дереккөздерін тандау және талдау жасау, өздігімен іздестіру жолдары мен тәсілдеріне;
11. Интернет-сауаттылық қалыптастыруға; ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға; жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіру.

Сегізінші бағыт –

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене тәрбиесі мен спорт, физикалық жетілдіру, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығы қалыптастырады.

1. Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы):
2. Денсаулық жағдайының скринингіне;
3. Әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге;
4. Теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеруге;
5. Табиғи қабілеттерді орынды пайдалануға;
6. Денсаулық сақтауға және нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез-құлыққа;
7. Өмірдегі жаңа жағдайларға сабырлылық;
8. Қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге;
9. Денсаулық сақтау ортасын құруға тілегі және даярлық білдіруі.

ТӘРБИЕ ІС-ШАРАЛАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

(тәрбиенің базалық мазмұнын жаңартудың басым бағыттарына сәйкес)

Әрбір бағыт «Рухани жаңғыру» Бағдарламасының қоғамдық санасын жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Отанға деген тиімді және эмоционалдық қарым-қатынас, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын мемлекет пен қоғамның заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын патриот пен азаматты қалыптастыру.

Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: жалпы адамзаттық құндылықтар, өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен қазақстандық қоғаммен келісіліп отырып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын жаңғырту туралы терең түсінігін қалыптастыру.

Ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, ана мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этникалық топтарына құрмет көрсету.

Отбасылық тәрбие

Мақсаты: ата - аналарды ағарту, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қарым-қатынасты қалыптастыру, тұлғаның экономикалық ойлау және экологиялық мәдениетін дамыту

Полимәдени және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: мінез-құлықтың жалпы мәдени дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық объектілерді қабылдауға, игеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: әр тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау үшін кеңістік құру.

2022-2023 оқу жылында сынып жетекшілермен жүргізілетін жұмыс жоспары

Мақсаты: Сынып жетекшілерін оқу-тәрбие үрдісінің өзекті мәселелерімен, тәрбие жұмысын заман талабына сай ұйымдастыру жолдарымен және тәрбие саласына қатысты құқықтық-нормативтік құжаттармен таныстыру.

Құндылықтары: Білім беру ұйымдарында денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту; балалар мен жастарды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу; өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ

алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымды қалыптастыру;

Нәтиже: Сынып жетекші-кәсіпкер педагог, бала үшін, жалпы азаматтық мәдениетті меңгеруге оқушы қоғамның арасындағы рухани жалғастырушы. Оқушы тұлғасының қалыптасуына қолайлы жағдай жасау мақсатымен, олардың дамуын бақылаушы, тәрбие жүйесіне қажетті өзгерістер енгізуші, мектеп психологымен бірігіп моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру үшін сынып ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті тәрбиелік ықпал жасаушы.

№	Атқарылатын іс-шаралардың мазмұны	Іс шараларды іске асыру мерзімі жұмыс қорытындысын сараптау, талдау, есебін тыңдау	
I. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие			
1	«Қазақстандық патриотизм деген не?»	Ақпан	ӘБЖ отырысында
2	«Әр елдің өз Елтаңбасы, Заңы, салт дәстүрі бар»	Наурыз	ӘБЖ отырысында
3	«Сен өз міндетінді білесің бе?	Қыркүйек	ӘБЖ отырысында
4	«Ер есімі –ел есінде». ҰОС ардагерлерімен кездесу	Мамыр	ӘБЖ отырысында
5	Еліміздің тарихи орындарымен танысу. Аталар мұрасы-халық қазынасы.	Қаңтар	ӘБЖ отырысында
6	Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Ер есімі – ел есінде».	Қазан	ӘБЖ отырысында
II.Рухани-адамгершілік тәрбиесі			
7	«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламамен таныстыру.	Қыркүйек	ӘБЖ отырысында
8	«Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол!»	Қараша	ӘБЖ отырысында
9	«Адам сұлулығы неде?»	Қазан	ӘБЖ отырысында
10	«Достық, адалдық туралы әңгіме»	Мамыр	ӘБЖ отырысында
11	Имандылық жарасады ұл-қызға	Ақпан	ӘБЖ отырысында
III. Ұлттық тәрбие			
12	Отбасы тәрбиесінің маңыздылығы	Қараша	ӘБЖ отырысында
13	Мақал-мәтелдер. Нақыл сөздер	Мамыр	ӘБЖ отырысында
14	ОҚО тарихи орындарымен танысу	Қыркүйек	ӘБЖ отырысында
15	Қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдеп-ғұрпы	Қазан	ӘБЖ отырысында
IV.Отбасы тәрбиесі			
16	Менің бақытты отбасым	Наурыз	ӘБЖ отырысында
17	«Өнегелі отбасы»	Қазан	ӘБЖ отырысында
18	Әке асқар тауың, ана –сая болар бағың	Сәуір	ӘБЖ отырысында
19	Ата-аналар кеңесінің отырысы	Тоқсан сайын	Мектеп әкімшілік отырысы

V.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие			
20	«Шебер қолдар», «Ұлттық ою-өрнек»	Қараша	ӘБЖ отырысында
21	«Мен таңдаған мамандықтың қоғамға пайдасы»	Қаңтар	ӘБЖ отырысында
22	«Табиғатты қорғау-азаматтық парызы»	Сәуір	ӘБЖ отырысында
22	Еңбек бәрін де жеңбек	Желтоқсан	ӘБЖ отырысында
23	«Оқушының қабілеті»	Қыркүйек	ӘБЖ отырысында
VI. Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие			
24	Мемлекеттік тілді білу барлық Қазақстандықтардың міндеті		ӘБЖ отырысында
25	Өз тілінді біл, өзге тілді құрметте	Ақпан	ӘБЖ отырысында
26	Менің сүйікті өнерім, қабілетім	Қараша	ӘБЖ отырысында
27	Менің досым	Мамыр	ӘБЖ отырысында
VII. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі			
28	«Міндет, құқық, талап, жауапкершілік»	Қыркүйек	ӘБЖ отырысында
29	Қақтығыстардың алдын алу, болдырмау немесе оны шешу жолдары	Желтоқсан	ӘБЖ отырысында
30	«Менің бәсекелестік қабілетім»	Ақпан	ӘБЖ отырысында
31	Білім инемен құдық қазғандай	Сәуір	ӘБЖ отырысында
VIII. Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру			
32	Тіршіліктің негізі – салауатты болашақ	Наурыз	ӘБЖ отырысында
33	«Салауатты өмір салтын сақтау-болашақты жақтау». 1-4 сыныптар «Ішімдік ішу -өзіңді құрту». 5-11 сыныптар «Никотин және спорт». 5-8 сыныптар	Желтоқсан	ӘБЖ отырысында
34	«Сауықтырудың дәстүрден тыс әдістері»	Сәуір	ӘБЖ отырысында

2022-2023 оқу жылына арналған ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары

Мақсаты: Баланы қорғау сауықтыру, бақылау іс-әрекеттерін жүзеге асыру және жүйелі тәрбиелеу барысында бестік одақтың жұмысын ұйымдастыру.

Құндылықтары: Тәрбиеге кешенді көзқарасты жүзеге асыруды мектеп пен отбасының өзара толық түсінушілігі мен келісілген іс-қимылын қамтамасыз ету. Отбасы мен мектепке ата-аналардың тәрбиелеу белсенділігін барынша дамыту.

Нәтиже: Балаларды еңбекке тәрбиелеп, денесін шынықтыруда ата-аналардың белсенділігін күшейту. Сынып ұжымы дәстүрлердің одан әрі дамытып, белсенділігінің өсуі

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
---	------------	---------	------------

1	«Жаңа оқу жылында балаларды оқыту туралы» жалпыреспубликалық ата-аналар жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер: 1. Жаңа оқу жылындағы оқу форматтары. 2. Оқытудың штаттық режимінде санитарлық талаптарды сақтау. 3. Қашықтан оқыту: баланың іс-әрекеті және жұмыс орны. 4. Қашықтан оқыту процесі жүргізілетін білім беру Интернет-платформасымен танысу. 5. Жаңа оқу жылында білім алушыларды бағалау жүйесі. 6. Баланың оқу режимі және демалысы. 7. Баланы өздігінен оқуға қалай ынталандыруға болады? 8. Интернетті қауіпсіз пайдалану үшін ата-аналарға балаларына үйрететін ережелер. 9. Интернеттегі балалардың жұмысын ата-ана бақылауы ережелерімен таныстыру 10. Ата-ана мен баланың қарым-қатынас психологиясы Әр түрлі мәселелер: -ата-аналар комитетінің төрайымын тағайындау;	Тамыз	Мектеп әкімшілігі Ата-аналар комитетінің төрағасы \төрайым\ мен мүшелері 1-11 сынып жетекшілер
2	Жалпы мектептік ата-аналар жиналыс; -ҚР-ның Заңы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы түсіндіру -Білім туралы Заңын түсіндіру -Мектептің ішкі тәртіп ережесімен танысу -«Мектепке жол» акциясының қорытындысы -жол ережесі, темір жол өткелдерінен қалай өту керектігі туралы түсіндірме жұмыстар жүргізу -әр түрлі мәселелер (қашықтан оқыту туралы, мектеп формасы, сабақтан кешікпеу, сабақтан себепсіз қалмау, оқулықтардың түгелдігі т.б)	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі Ата-аналар комитетінің төрағасы \төрайым\ мен мүшелері 1-11 сынып жетекшілер
3	Онлайн режимде ата-аналармен кездесу: ерекше назардағы оқушылардың	Қазан Сәуір	Психолог-медиатор

	ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету;		
4	КТІЖБ инспектормен кездесу	Кезінде	Мектеп әкімшілігі Ата-аналар комитетінің төрағасы 1-11 сынып жетекшілер
5	-І тоқсанның қорытындысы - ҚР «Экстремизмге қарсы іс – қимыл туралы» Заңымен түсіндірме жұмыстар жүргізілді. - Неке және Отбасы Заңымен түсіндірме жұмыстар жргізу -Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Қылмыстық кодексі» Заңдарымен таныстыру -Әр түрлі мәселелер (қашықтан оқыту туралы, мектеп формасы, оқулық, сабақтан кешікпеу, сабақтан қалмау, сабақтан қашпау, күнделікті уақытылы толтыру т.б)	Қараша	Мектеп әкімшілігі Ата-аналар комитетінің төрағасы 1-11 сынып жетекшілер
6	II тоқсанның қорытындысы - Қазақстан Республикасы «Бала құқығы туралы» Заңымен түсіндірме жұмыстар -«Ерте жүктіліктің алдын алу туралы» тақырыбында профилактикалық жұмыстар - Әр түрлі мәселелер (қашықтан оқыту, мектеп формасы, оқулық, сабақтан кешікпеу, сабақтан қалмау, сабақтан қашпау, күнделікті уақытылы толтыру т.б)	Қаңтар	Мектеп әкімшілігі Ата-аналар комитетінің төрағасы 1-11 сынып жетекшілері
7	III тоқсанның қорытындысы - Қазақстан Республикасы «Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың алдын алу профилактикасы» бойынша әлеуметтік – педагог түсіндірме жұмыстар - ӘҚБТ ҚРК баптармен түсіндірме жұмыстар жүргізу- - жол ережесі, темір жол өткелдерінен қалай өту керектігі туралы түсіндірме жұмыстар жүргізу - ҚР-ның Заңы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы түсіндіру - Әр түрлі мәселелер (қашықтан оқыту, мектеп формасы, оқулық, сабақтан кешікпеу, сабақтан қалмау, сабақтан қашпау, күнделікті уақытылы толтыру т.б)	Сәуір	Мектеп әкімшілігі Ата-аналар комитетінің төрағасы 1-11 сынып жетекшілері

8	Ата-аналар комитетінің отырысы; -жылдық есеп; -жаңа оқу жылын жоспарлау;	Мамыр	Мектеп әкімшілігі Ата-аналар комитетінің төрағасы 1-11 сынып жетекшілері
---	--	-------	---

**2022-2023 оқу жылында діни экстремизм мен терроризмге қарсы
күреске бағытталған жұмыс жоспары**

Мақсаты: Жасөспірімге қоғамның әлеуметтік, құқықтық, діни сипаттарын ұғындыра отырып, оларды террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу

Құндылығы: Жасөспірімдерге бейбітшіліктің маңызын және мейірімділік пен ізгіліктің, адамдарға жақсылық жасай білудің өмірдегі басты ұстанымы екенін ұғындыру

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Діни экстремизм мен терроризмге қарсы үгіт – насихат іс – шаралары жоспарын бекіту	Қыркүйек	ДТЖЖО Кузумбаева Т. Сынып жетекшілер
2	«Діни экстремизм мен терроризмнің» алдын алу тақырыбында профилактикалық жұмыстар жүргізу тәрбие сағаттарында 1-11 сыныптар арасында	Қыркүйек Қазан	1-11 сынып жетекшілер
3	Діни экстремизм мен терроризмге қарсы заңнамалардың орындалуы (ІІБ өкілдерімен дөңгелек үстел өткізу)	Қазан Ақпан	ДТЖЖО, КТІЖБ инспекторы, Психолог-медиатор Дінтану пәнінің мұғалімдері
4	«Діни экстремизм мен терроризмнің» алдын алу тақырыбында профилактикалық жұмыстар жүргізу тәрбие сағаттарында 1-11 сыныптар арасында	Қаңтар	1-11 сынып жетекшілер
5	Дін жолындағы адамдармен кездесу өткізу. 8-11 сыныптар арасында Заңнамалар оқу, экстремизм мен терроризм туралы түсінік, профилактикалық іс – шаралар жүргізу	Желтоқсан	ДТЖЖО, КТІЖБ инспекторы, Психолог, Дінтану пәнінің мұғалімдері
6	«Терроризмнен азат әлем!», «Біз терроризмсіз әлемді қолдаймыз» тақырыптарында сурет көрмесін өткізу	Қаңтар	Технология пәнінің мұғалімі
7	Діни экстремизм терроризм қарсы күрес «Қазіргі кездегі көзқарастар» тақырыбында дәріс өткізу	Наурыз	ДТЖЖО, КТІЖБ инспекторы, Психолог-, Дінтану пәнінің мұғалімдері

«Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтың профилактикасы мен олардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу» туралы ЖОСПАРЫ

Мақсаты: Заңды, әлеуметтік пайдалы қызметке және қоғам мен өмірге ізгілікті көзқарас қалыптастырып, жастарды қылмыстық қызметке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу.

Құндылықтары: Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды аспектісі болып табылатынын түсіндіру.

Нәтиже: Адамгершіліктің, ізгі қасиеттер мен ар-ождан бостандығына, адалдық пен мейірімділікке баулу арқылы құқықтары мен міндеттерін бағыттай отырып құқықтық тәрбие беру.

Қ/с	Атқарылатын іс-шаралардың атауы	Мерзімі	Жауапты қызметкерлер
1	«Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтың профилактикасы мен олардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу» бойынша 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспары (<i>бұдан әрі-жоспар</i>) бекітілгендігі туралы қалалық білім басқармасының хатын негізге ала отырып, барлық тақырыптар бойынша іс-шаралар жоспарын жасап бекітіру, іс-шаралардың сапалы өткізілуін басшылыққа алу, атқарылған жұмыстардың есебін, орын алған келеңсіз оқиғаларды (<i>оқушыға қатысты</i>) дер кезінде қалалық білім басқармасындағы жауапты мамандарға хабарлау, педагог қызметкерлермен оқушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізу.	2022ж.	Қ.Д.Мельдеханова; Т.А.Кузумбаева; ИДН А.Болганова
1.Мобильдік топтарды құру.			
2	Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мобильдік топ құру туралы бұйрығын негізге ала отырып, мобильдік топ мүшелерінің кезектен тыс отырысы өткізіліп, іс-шара жоспарымен жауапты қызметкерлерді таныстыру.	2022ж.	Т.А.Кузумбаева
2. Қолайсыз отбасыларын анықтау.			
3	Қолайсыз отбасыларын анықтау мақсатында оқушылардың арасында қиын жағдайға ұшыраған, тұрмысы нашар, аналары азаматтық некедегі тұлғалармен	2022ж.	Т.А.Кузумбаева Сынып жетекшілер

	қарым-қатынастағы отбасылардың бірыңғай тізімін жасақтау.		
4	Құқық бұзушылық жасаған, көшелерде қайыр сұрап және түңгі мезгілде бей-берекет жүрген кәмелетке толмаған балаларды анықтап, олардың отбасыларымен профилактикалық жұмыстар жүргізу.	Тұрақты	Т.А.Кузумбаева ИДН А.Болганова
5	Құқық бұзушылыққа бейім, отбасылық әл-ауқаты төмен отбасының балаларын мектептің профилактикалық есебіне алу және қылмыстың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізу.	Тұрақты	Д.Мельдеханова, Т.А.Кузумбаева, психолог-медиатор А.Доскелдиева, Баекешова А ИДН А.Болганова
6	Алкогольдік ішімдікке құмар, наркологиялық және психиатриялық есепте тұратын тұлғалардың балаларымен әңгімелер жүргізу (оқу үлгерімін, тұрмыстық жағдайын, зорлық-зомбылыққа ұшырау деректерін анықтау)	Тұрақты	А.К.Доскелдиева, Баекешова А ИДН А.Болганова
3. Қадағалаусыз және панасыз қалған балаларды анықтау.			
7	Заңды өкіліңсіз қалған балаларды анықтап, заңды өкіліне тағайындауға ықпал ету шараларын қалыптастыру.	Тұрақты	А.К.Доскелдиева ИДН А.Болганова
4. Түсіндірме жұмыстарын жүргізу.			
8	Мектеп қабырғасында кәмелетке толмағандар арасында өнегелі-жыныстық тәрбиені қалыптастыру мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізу (сынып сағаттары).		Қ.Д.Мельдеханова, Т.А.Кузумбаева, 1-11 сын. жетекшілері
9	Ата-аналар жиналыстарында балалардың тәрбиесіне байланысты тиісті міндеттерді атқармағаны үшін жауапкершілік бар екендігі туралы, қоғамда орын алып жатқан жайсыз жағдайлар жөнінде және тағы басқа насихат жұмыстарын жүргізу.	Тұрақты	Қ.Д.Мельдеханова, Т.А.Кузумбаева, 1-11 сын. жетекшілері.
5. Ақпараттандыру жұмыстары.			
10	Білім басқармасының CALL орталығының телефон (39-49-26) және Республикалық «111» қысқа номерлерін мектеп фонына ілу жұмыстарын жүргізу.	2022ж.	Қ.Д.Мельдеханова, Т.А.Кузумбаева, 1-11 сын. жетекші

11	Білім басқармасының CALLорталығының телефонын және Республикалық «111» қысқа номері бойынша кәмелетке толмағандарға психологиялық және өзге де көмек көрсететін қызмет жайлы арнайы бейнероликтер дайындап, әлеуметтік желілерде насихатталуын қамтамасыз ету.	2022ж.	Қ.Д.Мельдеханова, Т.А.Кузумбаева, психолог-медиатор А.К.Доскелдиева 1-11 сын. жетекші
12	Кәмелетке толмағандар арасында ерте жүктеліктің, өзі-өзіне қол жұмсаудың, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген іс-шаралардан арнайы бейнеролик дайындап тоқсан сайын әлеуметтік желілерде насихатталуын қамтамасыз ету.	2022ж.	Қ.Д.Мельдеханова Т.А.Кузумбаева,

**«Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қылмыстың, кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық тәрбие, ерте жүктеліктің алдын алу, өз – өзіне қол жұмсаудың, нашақорлыққа қарсы»
2022-2023 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар
ЖОСПАРЫ**

Қ/с	Іс-шаралардың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
Ұйымдастыру шаралары			
1	Жастар мен жасөспірімдер арасында құқықбұзықшылықтың, қылмыстың алдын алу жөніндегі іс-шараларды дайындауға және өткізуге барлық білім беру мекемелерінде мобильдік топ құру.	Бұйрық	Т.А.Кузумбаева
2	Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қылмыстың, қаңғыбастықтың, панасыздықтың, бала еңбегін қанаудың, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың, кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қатынастың, өз-өзіне қол жұмсаудың, діни экстремизмге, терроризмге, адам саудасына, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы 2022-2023 оқу жылына арналған кешенді іс-шаралар жоспары негізінде жауаптыларды бекіту үшін жоспар құру.	Бұйрық	Т.А.Кузумбаева

3	«Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы» мен Кентау қаласындағы «Түркістан облысының девиантты мінез-құлықты балаларға арналған мектеп-интернатында» орналасқан кәмелетке толмағандардың есебін жүргізу	2022жыл	Т.А.Кузумбаева
4	Шымкент қаласы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау комиссиясына ұсынылған жасөспірімдердің есебін жүргізу	Тұрақты	Т.А.Кузумбаева
5	Түзету колонияларына жіберілген жасөспірімдердің есебін жүргізу	Тұрақты	Т.А.Кузумбаева
6	Жалпы орта білім беретін кешкі мектептерге жіберілген жасөспірімдердің есебін жүргізу	Тұрақты	Т.А.Кузумбаева
7	Шымкент қалалық білім басқармасына жасөспірімдер тарапынан орын алған қылмыстар мен құқықбұзушылықтар туралы уақытылы ақпаратты жеткізіп отыру	Тұрақты	Т.А.Кузумбаева
8	Кәмелетке толмағандардың, оның ішінде қолайсыз және күнкөріс төмен отбасылары мен ішкі істер органдарында есепте тұратындардың жазғы демалысын, бос уақытын тиімді ұйымдастыру және ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен тұрақты жұмыстарын жүргізу	Тұрақты	Қ.Мельдеханова
9	Дәлелсіз себептермен жалпы білім беретін оқу орындарына бармайтын кәмелетке толмағандарды анықтап және есепке алып олармен және олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу.	Хаттама, іс шара	Т.А.Кузумбаева
10	Кәмелетке толмағандардың, оның ішінде қолайсыз және күнкөрісі төмен отбасылары мен ішкі істер органдарында, мектепішілік есепте тұратын оқушылардың туған еліне деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін қалыптастыру үшін тарихи орындарға алып баруды қамтамасыз ету.	Үйірме спорттық, секцияға, лагерьге қамту.	Қ.Мельдеханова
11	Жалпы білім беретін оқу орындарында қол жетерлік спорт секцияларын, техникалық және өзге де үйірмелер, клубтар ұйымдастыруды қамтамасыз ету және оларға кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ қолайсыз және	Үнемі	Т.А.Кузумбаева

	күнкөрісі төмен отбасылары мен ішкі істер органдарында есепте тұратындарды тарту.		
12	Жалпы білім беретін оқу орындарында кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қылмыстықтың, қаңғыбастың, панасыздықтың алдын алу мақсатында профилактикалық кездесулер, дөңгелек үстелдер, жиналыстар өткізу.	Хаттама тоқсанында 1-рет	Т.А.Кузумбаева
13	Мектеп оқушылардың оның ішінде қолайсыз және күнкөрісі төмен отбасылары мен ішкі істер органдарында, мектепшілік есепте тұратын оқушылармен жергілікті ақын-жазушылармен, спорт жеңімпаздарының кездесуін ұйымдастыру.	Кездесулер, фото суреттер, әлеуметтік желілерде жариялау.	Т.А.Кузумбаева
14	Жасөспірімдер қылмысы өскен мектептерде кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізу.	Қосымша білім беру Анықтама	
Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивтік мінез-құлықтың алдын алу шаралары			
1	Кәмелетке толмағандардың суицидтік мінез-құлқына ықпал етуші жағдайлар мен себептерді анықтау үшін психолог мамандары, әлеуметтік педагогтарды, дәрігер психологтарды, мектеп мөлтекауданындағы емхана қызметкерлері, заңгерлерді тарату арқылы жұмыс тобын құру	Емханалар мен бірлескен ақпарат	Қ.Д.Мелдеханова
2	Шымкент қалалық білім басқармасына жасөспірімдермен орын алған өзіне-өзі қол жұмсау туралы уақытылы ақпаратты жеткізіп отыру.	ақпарат оқиға орын алған жағдайда-3 сағат/1-тәулі к	Қ.Д.Мелдеханова
3	Қала шегінде кәмелетке толмағандар арасында орын алған өзіне-өзі қол жұмсау оқиғаларының мониторингін жүргізу, себеп-салдарын анықтау жедел ақпараттар алмасу	орын алған жағдайда	Қ.Д.Мелдеханова
5	Кәмелетке толмағандардың беймазалық көңіл-күйінің алдын алу мақсатында оқушылармен, ата-аналармен Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы, үкіметтік емес ұйымдар, «ОҚО әйел және балаларды қорғау орталығы» қоғамдық бірлестіктермен бірлесе отырып тренингтер өткізу	Тоқсан сайын	Қ.Д.Мелдеханова

6	Күйзеліс жағдайының қаупі бар жасөспірімдерді анықтау. Қауіпті топты анықтау әдістемесін құрастыру, әлеуметтік психологиялық көмек көрсету кабинеттерін ашу.	Үнемі	Т.А.Кузумбаева
7	Мектептердегі «Сенім телефоны» мен «Сенім жәшігі» жұмысының дұрыс ұйымдастырылуын қатаң бақылау	Анықтама	Қ.Д.Мелдеханова
8	Ата –аналар мен оқушыларды арнайы көмек қажет ететін кеңес беретін орталықтарға, әлеуметтік-психологиялық бөлімдерге, отбасын қолдау орталығына және емханаларға жолдау.Психодиагностиалық зерттеулердің нәтижесінде анықталған аутодеструктивті мінез-құлық әрекеттерге бейім оқушыларды медициналық мекемелердің (психолог, психиатр, невропатолог, суицидолог) мамандарына қосымша тексеруге жіберу (диагнозын нақтылау)	Орын алған жағдайда	Қ.Д.Мелдеханова Т.А.Кузумбаева
Балалар мен жасөспірімдерді есірткі, психотроптық, күшті әсер ететін немесе ұлы заттардан қорғау			
1	Маскүнемдіктен, нашақорлықтан, токсикоманиядан зардап шегетін кәмелетке толмағандардың толық есебін қамтамасыз ету.	Жылына 2-рет	Ж.С.Нурлыбаева
2	Маскүнемдіктен, нашақорлықтан, токсикоманиядан зардап шеккен, темекі, насыбай, психотроптық заттарды қолдануы анықталған балалар мен жасөспірімдерді қалалық наркология орталық мамандарына бағыттау.	Анықталған жағдайда	Ж.С.Нурлыбаева
3	Жоғары сынып оқушыларының арасында волонтерлық қозғалысты ұйымдастыру	Жоспарға сәйкес	Ж.С.Нурлыбаева
4	Халықаралық «Денсаулық нығайтуға ықпал ететін мектептер» бағдарламасы аясында жоспарлы жұмыс атқару	Жоспарға сәйкес	Ж.С.Нурлыбаева
5	Бұқаралық спортқа кәмелетке толмағандар мен оқушыларды, педагогтарды тарту мақсатында спорттық шаралар, акциялар, жарыстар өткізу	Жоспарға сәйкес	Ж.С.Нурлыбаева
Кәмелетке толмағандар арасында жыныстық тәрбие, ерте жүктіліктің алдын алу жұмыстары			

1	Кәмелетке толмағандар арасында ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында қыз балалар мен ер балаларға жеке семинар кеңестер, кездесулер, түсіндерме жұмыстарын жүргізу	Тоқсан сайын	Т.А.Кузумбаева
2	Кәмелетке толмағандар арасында ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында ата-аналарға семинар кеңестер, кездесулер, түсіндерме жұмыстарын жүргізу	Тоқсан сайын	Т.А.Кузумбаева
3	Әлеуметтік топтармен әлеуметтік-педагогтың, мектеп психологтарының тренингтер, ойлы ойындар, жеке кеңес беру, қоғамдық жұмыстарға тарту, әр түрлі психологиялық сәттерден шығу жұмыстарын жүргізу, Үштік одақта талқылау, сараптама жасау.	Тоқсан сайын	Т.А.Кузумбаева
Мерекелік іс-шаралар			
1	Наурыз мерекесі	Наурыз	Т.А.Кузумбаева
2	9 мамыр Жеңіс күні мерекесі	Мамыр	Т.А.Кузумбаева
3	1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күні	Маусым	Т.А.Кузумбаева
4	Қазақстан Республикасының Конституциясы күні	Тамыз	Т.А.Кузумбаева
5	Білім күні мерекесі	Қыркүйек	Т.А.Кузумбаева
6	Ұстаздар күні	Қазан	Т.А.Кузумбаева
7	Қазақстан Республикасының тәуелсіздік мерекесі	Желтоқсан	Т.А.Кузумбаева
8	Жаңа жыл мерекесі	Желтоқсан	Т.А.Кузумбаева
10	Аналар мерекесі	Наурыз	Т. А Кузумбаева

VII бөлім

Мектепшілік бақылау циклограммасы

Мектепшілік бақылаудың жүйесі

Мектепшілік бақылау – оқу жүйесінің диагностикасы мен мониторингі бойынша білім сапасын ақпараттау мен қорытындылаудың қайнар көзі. Мектепшілік бақылау – мектеп әкімшілігінің облыстық білім департаменті жергілікті білім беру басқармасы және мектептің өз жарғысын негізге алып, ҚР үкіметінің құқықтық – нормативтік заң актілерін басшылыққа ала отырып, басқару стратегиясы мен тәртіпті жүзеге асыруда бақылау, зерттеу, менеджмент, дағдыландыру, қадағалауды жүргізуі болып табылады.

Мектепшілік бақылау мақсаттары:

1. ҚР «Білім туралы» заңы, ҚР Президенті және ҚР үкіметінің талап – шешімдері негізінде білім беру мекемесінің қызметін жетілдіру.
2. Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігі мен шығармашылығын арттыру, кәсіби шеберліктерін шындай отырып, олардың жеке бас мәдениетін көтеру.
